

**Солтүстік Қазақстан облысына бөлінген бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігіне тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша
АҚПАРАТ**

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Солтүстік Қазақстан облысына бөлінген бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Солтүстік Қазақстан облысына бөлінген бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігін бағалау.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің экономика басқармасы» КММ (бұдан әрі - *Экономика басқармасы*), «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ (бұдан әрі - *Денсаулық сақтау басқармасы*), «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» КММ (бұдан әрі - *Құрылыс басқармасы*), «Солтүстік Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» КММ (бұдан әрі - *Энергетика басқармасы*), «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ (бұдан әрі - *Автомобиль жолдары басқармасы*), «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ-ның «Тайынша көпбейінді ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі - *Тайынша көпбейінді ауданаралық ауруханасы*), «Петропавл қаласы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ (бұдан әрі - *Петропавл қаласының құрылыс бөлімі*), «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ (бұдан әрі - *Петропавл қаласының ТКШ бөлімі*), «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ (бұдан әрі - *Тайынша ауданы әкімдігінің құрылыс бөлімі*), «Шал ақын ауданы Сергеев қаласы әкімінің аппараты» КММ (бұдан әрі - *Сергеев қаласы әкімінің аппараты*), «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ (бұдан әрі - *Айыртау ауданының құрылыс бөлімі*), «Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ (бұдан әрі - *Уәлиханов ауданының құрылыс бөлімі*), «Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ (бұдан әрі - *Ақжар ауданының ТКШ бөлімі*), «Солтүстік» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - «Солтүстік» ӘКК» АҚ).

Үстеме тексерулер: жүргізілген жоқ.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2020 жылғы 1 қаңтар - 2025 жылғы 30 мамыр аралығы (облыс басқармаларының қызметін талдау мақсатында 2019 – 2025 жылдардағы деректер пайдаланылды).

3.2. Мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Аудит қорытындысы бойынша жалпы сомасы 28 286,6 млн теңгеге қаржылық бұзушылықтар, сомасы 112 409,1 млн теңгеге бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану, сомасы 7 990,6 млн теңгеге ықтимал шығындар мен жіберіп алған

пайда анықталды. Сондай-ақ бюджеттің сапалы және нәтижелі атқарылуына ықпал ететін рәсімдік сипаттағы 336 бұзушылық, 18 жүйелі кемшілік анықталды.

Жалпы, 2020-2024 жылдар кезеңінде облыс негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз еткен. Жалпы өңірлік өнім көрсеткіші жыл сайынғы тұрақты өсуді көрсетіп отыр.

Алайда өңірдегі нақты өмір сүру сапасын көрсететін жағымсыз үрдістер байқалады. 2020-2024 жылдар аралығында халықтың табиғи өсімі 4%-ға қысқарған, көші-қон сальдосы теріс күйінде қалып отыр (2020 жылы - 4 387 адам; 2024 жылы - 6 946 адам).

Солтүстік Қазақстан облысына бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігін бағалау қорытындысы бойынша Облысты дамыту бағдарламасының (Аумақты дамыту бағдарламасының) жекелеген көрсеткіштеріне қол жеткізілмегені, оның көрсеткіштерінің орындалуы бойынша анық емес есептер беру байқалады.

Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің орындалуын талдау барысында аудит негізгі капиталға инвестициялар көлемі бойынша жалпы сомасы 3 678,4 млн теңгеге және бөлшек және көтерме сауда көлемі бойынша сомасы 693 335,0 млн теңгеге статистикалық есептілікте анық емес мәліметтер беру тәуекелдерін анықтады, бұл қате басқарушылық шешімдердің қабылдануына және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының нақты көрінісінің бұрмалануына әкелуі мүмкін.

Білім беру саласында үш ауысыммен оқытатын және авариялық жағдайдағы мектептер проблемалары шешілмеген күйінде қалып отыр. Әлеуметтік тұрғын үй құрылысының төмендеу үрдісі байқалады, бұл ретте елдің оңтүстік өңірлерінен қоныс аударушылар үшін республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер есебінен сатып алынған 126 үй бос тұр.

ШОК субъектілері санының ұлғаюына қарамастан, өңірдің ЖӨӨ жалпы көлемінде олар өндірген өнімнің жалпы көлемінің төмендеуі байқалады (өңір бойынша 2020 – 2024 жылдары мына көрсеткіштер: «ЖӨӨ-дегі ШОК үлесі, %» 1,4 пайыздық тармаққа, «ЖӨӨ-дегі экономикадағы шағын кәсіпкерліктің үлесі, %» 3,5 пайыздық тармаққа, «ЖӨӨ-дегі экономикадағы орта кәсіпкерліктің үлесі, %» 0,4% пайыздық тармаққа төмендеген).

Өңірде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бөлінетін бюджет қаражаты әрдайым тиімді пайдаланыла бермейді немесе сомасы 824,3 млн теңгеге мемлекеттік қолдаудың қаржылық шаралары (гранттар, бюджеттік кредиттер, сыйақы мәлишерлемесін субсидиялау, ішінара кепілдік беру) көрсетілген 72 кәсіпкерлік субъектісі қызметін тоқтатқан.

«Солтүстік» ӘКК» АҚ қызметін бағалау басқарудың және стратегиялық, инвестициялық бағыттарды іске асырудың тиімділігі төмен екендігін көрсетті. Бекітілген даму стратегиясының болмауы және бірлескен кәсіпорындар құру жолымен іске асырылмаған жобалар сомасы 929,0 млн теңгеге мемлекеттік ресурстар мен инвестициялардың тиімсіз пайдаланылуына алып келген.

ӘКК-нің негізгі қызметі жарғылық міндеттерге (кредиттер беру, қонақ үй қызметтері, базар ғимаратын жалға беру және ӘМАТ базасын тұрақтандыру жөніндегі іс-шаралар шеңберінде өнімді сатып алу, сақтау және өткізу) сәйкес келмейді, одан түскен кірістер аудит жүргізіліп

отырған кезеңде 5 107,4 млн теңгені құрады.

ӘКК-нің бейінді емес активтерді (қонақ үй, қонақжай үй) ұстаудан шеккен шығыны барлығы 610,0 млн теңгені, өңірлік тұрақтандыру қорларының қаражатын пайдаланудан шеккен шығына 298,0 млн теңгені құрады. бухгалтерлік есепті жүргізу саласында сомасы 25 131,3 млн теңгеге елеулі бұзушылықтар анықталды, бұл ӘКК-нің қаржылық есептілігін бұрмалайды.

ӘМАТ бағасын тұрақтандыру жөніндегі іс-шаралар тиімсіз болып шықты, бұл бағаның өсуін тежеу жөніндегі мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік бермеді.

Жылумен және сумен жабдықтау желілерінің, энергия объектілерінің тозуын қысқарту бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар жеткіліксіз және күтілетін экономикалық нәтижені бермейді (*электр желілерінің тозу дәрежесі - 91,5%, жылумен жабдықтау – 64,6%, сумен жабдықтау – 63,5%*), бұл инфрақұрылымның тұрақты жұмыс істеуі үшін тәуекелдер туғызады.

Өңірде 2020-2024 жылдар кезеңінде халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 42 млрд теңгеден астам сомаға 79 сумен жабдықтау объектісінің салынуына қарамастан, 28%-ы немесе құны 10 млрд теңге болатын 22 объект осы уақытқа дейін пайдаланушы ұйымға берілмеген. Осылайша, жалпы саны 9 341 адамды құрайтын осы ауылдардың халқы жаңа салынған объектілер бойынша тиісті сумен жабдықтаумен қамтамасыз етілмейді (*жекелеген ауылдардың тұрғындары тиісті қызмет көрсетусіз, техникалық сүйемелдеусіз және санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдары тарапынан бақылау қамтамасыз етілмей, осы объектілерден суды пайдаланады*). Қалыптасқан жағдайдың негізгі себебі кәсіпорындардың объектіні сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі тендерге қатысу үшін объектінің баланстық құнының 3%-ы мөлшерінде кепілдік жарна енгізу бойынша қаржылық мүмкіншілігінің болмауы болып табылады.

Жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын әзірлеу бойынша функциялар орындалмайды, осылайша облыстың көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыс тиісінше жүргізілмейді, бұған жолдарды паспорттаудың болмауы және өңірдің құрылымдық бөлімшелері арасында автомобиль жолдарының жай-күйі туралы ведомстволық деректердегі алшақтықтар дәлел (*мысалы: Басқарманың деректері бойынша Ақжар ауданында 2025 жылғы 30 мамырдағы жағдай бойынша қанағаттанарлықсыз жағдайдағы автомобиль жолдарының ұзындығы 5 км құрайды, ал Ақжар аудандық ТКШ бөлімі ұсынған деректер бойынша 44 км*).

Автомобиль жолдарының жай-күйінің нашарлауына жол инфрақұрылымының қауіпсіздігін мониторингтеу бойынша қызметті және облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда автомобиль жолдарын диагностикалауды жүзеге асырмау, жолдарды кейіннен күтіп ұстаудың жеткіліксіз қаржыландырылуы сияқты факторлар да ықпал етеді (*аудит жүргізіліп отырған кезеңде аудандарда толық қаржыландырмау пайызы 80,8%-дан 91,5%-ға дейін өзгерді*).

Күш-жігердің жұмсалыуына және белгілі бір жетістіктерге қарамастан, денсаулық сақтау саласында өңір халқы үшін медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен

қолжетімділігіне теріс әсер ететін бюджет қаражаты мен активтерді тиімді пайдаланудың жекелеген бұзушылықтары мен кемшіліктері анықталды.

Денсаулық сақтау басқармасы иммунобиологиялық дәрілік препараттарды (вакциналарды) сатып алуға (алуға), сақтауға, тасымалдауға және өткізуге байланысты фармацевтикалық қызметті дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды көтерме саудада өткізуге арналған тиісті лицензиясыз жүзеге асырады.

Жалпы сомасы 76,6 млн теңгеге вакциналар мен иммунобиологиялық дәрілік препараттар тиімсіз пайдаланылған *(соңғы 3 жылда ашылған құтылардың жалпы көлемінің 28%-ы төгілген (жойылған))*.

Туляремияға қарсы жыл сайынғы ревакцинация жүргізу кезінде санитариялық талаптардың елеулі бұзылуы *(ревакцинацияның белгіленген нормасы 5 жылда бір рет бола тұра, бір адамдар жыл сайын ревакцинацияланған)*, сәйкестік сертификаттары жоқ медициналық техника мен жабдықты сатып алу және пайдалану фактілері *(сомасы 306,6 млн теңгеге 33 бірлік)* облыстың Денсаулық сақтау басқармасы тарапынан тиісінше ведомстволық бақылаудың болмауын куәландырады, бұл халықтың денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Мамандандырылған веб-порталдың шектеулі функционалдығын қоса алғанда, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды ұйымдастыруда жүйелі проблемалар, сондай-ақ сатып алу рәсімдерінің бұзылуына және пациенттердің препараттармен қамтамасыз етілмеуіне әкеп соғатын жекелеген дәрі-дәрмекке экономикалық тиімсіз шекті бағалардың бекітілуі анықталды.

Бұдан басқа квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерді орындау барысында ұсталған (өндіріп алынған) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомаларын бюджетке аудару бойынша міндеттерін, медициналық техниканы жеткізушілердің тапсырыс берушіге сәйкестік сертификатын беру міндеттерін нормативтік тұрғыдан реттеу қажеттігімен байланысты денсаулық сақтау саласындағы кемшіліктерді, сондай-ақ Облыстың даму жоспарының индикаторларын жоспарлауға, бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті көрсеткіштерін жоспарлауға, денсаулық сақтау саласындағы жергілікті уәкілетті органның функцияларын уақытылы өзекті кетуге, күрделі жөндеуден кейін кепілдік мерзімі шеңберінде ақауларды жоюға байланысты кемшіліктерді жою қажет.

Экономика және қаржы басқармалары арасындағы өкілеттіктердің келісілмеуі инвестициялық жобаларды жоспарлау мен бюджеттік қамтамасыз ету арасында алшақтықтың болуына әкеледі. Нәтижесінде бюджет қаражатын жоспарлау және пайдалану саласында елеулі кемшіліктерге жол берілген, бұл өңірдің тиісті уәкілетті органдары тарапынан бақылаудың нашарлығын айғақтайды.

Экономика басқармасы БИЖ-дің іске асырылуын мониторингтеу және бағалау функциясын формальды түрде жүзеге асырады: растайтын құжаттар жоқ, түпкілікті нәтижелер қадағаланбайды, БИЖ тізбесінен жобаларды алып тастау себептері туралы ақпарат жоқ *(жалпы сомасы 1 173,8 млн теңгеге 4 жоба тиісті негіздемесіз алынып тасталды)*,

жоспарлау салалық және экономикалық қорытындыларсыз жүргізіледі (барлық сомасы 56 061,7 млн теңгеге 17 бюджеттік инвестициялық жоба бюджет заңнамасында көзделген экономикалық сараптамасыз, салалық және экономикалық қорытындысыз жоспарланған және іске асырылған), бұл басқарушылық шешімдердің тиімсіз қабылдануына және бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлануына әкеп соғады.

Бюджетте жалпы сомасы 18 807,4 млн теңгеге жоспарланған 65 инвестициялық жоба облысты дамыту бағдарламаларының іс-шаралары жоспарында көрініс таппаған.

2020-2024 жылдар кезеңінде жоғары тұрған бюджетке қайтарылған, сомасы 6 445,5 млн теңгеге Ұлттық қор мен республикалық бюджет қаражатының игерілмеуі Құрылыс басқармасының тоғыз бюджеттік бағдарламасы бойынша жоспарлы көрсеткіштердің мерзімдерінің бұзылуына алып келген, бұл бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылғанын көрсетеді.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау кезінде жобаларды таңдауда басымдығын қарау тәсілі қамтамасыз етілмейді (2020-2024 жылдар кезеңінде жалпы сомасы 42 415,7 млн теңгеге барлығы 79 жоба іске асырылған). Су құбырларын салу/реконструкциялау бойынша жобалар шағын ауылдарда, оның ішінде халық жыл сайын кететін (5 жыл ішінде 44%-ға дейін) ауылдарда іске асырылады, ал облыстың 38 тірек ауылдық елді мекені әлі күнге дейін сапалы орталықтандырылған сумен жабдықтаусыз қалып отыр. Нәтижесінде, жобалар ауыл халқының кетуін төмендетуге оң әсерін тигізбеген және осы үрдіс сақталған жағдайда, қажетсіз болып қалу қаупі бар.

Жекелеген елді мекендерде бұрын салынған сумен жабдықтау объектілерінің болуына қарамастан, орталықтандырылған сумен жабдықтау объектілері салынған.

Бұдан басқа, басым БИЖ жоспарлау кезінде АЭА қатысушылары іске асырып жатқан жобаларға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу сияқты өңір үшін стратегиялық маңызы бар жобалар назардан тыс қалады.

Сомасы 8 268,4 млн теңгеге облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын салу мен жөндеудің басым емес 22 жобасының тиімсіз жоспарлануы осы қаражатты алу және басқа жобаларға қайта бөлу қажеттігін туғызды.

Тапсырыс беруші уәкілетті органдар тарапынан объектілердің жобалануы мен салынуы барысын тиісінше бақылаудың болмауы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнаманың көптеген бұзушылықтарына, жобалардың уақытылы аяқталмауына (сомасы 64 776,9 млн теңгеге 45 жобадан объектілердің 91%-ы немесе сомасы 52 636,1 млн теңгеге 41 жоба уақытылы іске асырылмаған) және бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуына әкеп соққан.

Жобалардың құнын барлық сомасы 1 355,9 млн теңгеге жасанды түрде асыра бағалау фактілері, оның ішінде материалдар мен жабдықтардың құнын нарықтық бағадан 2-3 есе қымбатқа асырылуы есебінен бағалау фактілері, қайталанатын материалдар мен жұмыстардың сметаға қосылуы, жабдықтар іс жүзінде бастапқы салынған сметадан арзанырақ сатып алынса да, олардың өзіндік құнының қымбаттауы себебінен ЖСҚ-ға түзетулердің енгізілуі баға белгілеудің жеткіліксіздігін және сатып алынатын жабдық құнының негізділігін бақылауды күшейту қажеттілігін айғақтайды.

Мердігерлердің шығыстарын жасанды түрде асыра бағалау және маржаны шығару белгілері анықталды (*жабдық өндірушінің прайс-парақтарына сәйкес 2 есе жоғары бағамен салынған. Бұл ретте өндіруші компанияның осы жабдықтарын делдалға сатады, ол өз кезегінде мердігерге сатады, осылайша мердігердің шығындары артады, ал барлық маржа делдалдарда қалады*).

Жобалардың іске асырылу және түзетілу барысын тиісінше бақылаудың қамтамасыз етілмеуі нәтижесінде барлығы сомасы 861,0 млн теңгеге артық төлем жүргізілген (*импорттық конструкцияны отандық конструкцияға ауыстыру, түзетуге жатпайтын орындалған жұмыстардың бұрын қабылданған актілері бойынша қосымша төлем қамтамасыз етілмеген*).

Орындалмаған және сапасыз орындалған жұмыстар үшін барлығы сомасы 1 098,8 млн теңгеге ақы төлеу фактілері анықталды, бұл техникалық қадағалау мен жобаларға тапсырыс берушінің тиісінше жұмыс істемеуінің салдары болып табылады.

Сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы бұзушылықтар, атап айтқанда барлығы сомасы 5 555,5 млн теңгеге конкурстық рәсімдер өткізілмей, бір көзден шарттар жасасу және жұмыс көлемін қосалқы мердігерлікке беру бойынша шектеуді сақтамау фактілері анықталды.

3.3. Мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша ұсынымдар:

1. Солтүстік Қазақстан облысына бөлінген бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің қорытындылары Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының отырысында қаралсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметіне зертханалық зерттеулер жүргізу шеңберінде сәйкестік сертификаттары бола тұра автомобиль жолдарын салу және жөндеу кезінде қолданылатын Қазақстан Республикасында өндірілетін битумның нормативтік талаптарға сәйкес келмеуі фактілерінің анықталуына орай оны өндіруге қойылатын талаптарды күшейту мәселесін қарау ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес белгіленген нормадан тыс қосалқы мердігерлік жұмыстардың көлемін бергені үшін мердігердің жауаптылығын айқындау бөлігінде тиісті өзгерістер енгізу бойынша шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі 2026 жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 335 бұйрығына ауылдық елді мекендердің сумен жабдықтау объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлік басқаруға беру тәртібін оңайлату, оның ішінде тендерге қатысу үшін кепілдік жарна мөлшерін төмендету бөлігінде тиісті өзгерістер енгізу бойынша шаралар қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі 2026 жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде:

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту [қағидалары](#)нда көзделген дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды сатып алудың үлгілік шарты нысанында, егер оның болуы заңнамада көзделген болса, медициналық техниканы жеткізушінің өнімге арналған сәйкестік сертификатын тапсырыс берушіге ұсыну міндетін көздесін;

- № 5 қосымшаға сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу веб-порталының функционалдығын қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкес келтіру мақсатында оны пысықтау бойынша шаралар қабылдасын;

- «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың саудалық атауына шекті бағаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-77 бұйрығын № 6 қосымшаға сәйкес дәрілік заттарға шекті бағаларды іс жүзіндегі нарықтық бағаға сәйкес келтіру бөлігінде қайта қарасын;

- бюджет қаражатын тиімді пайдалану және препараттың пайдаланылмаған көлемін төгуге байланысты шығындарды барынша азайту мақсатында құтыдағы дозасы аз вакциналар мен иммунобиологиялық дәрілік препараттарды (БЦЖ, АДС-М) сатып алу мәселесін қарасын;

- өңірлік денсаулық сақтау басқармаларының рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнаманың талаптарын ескере отырып, иммунобиологиялық дәрілік препараттарды (вакциналарды) сатып алумен (иеленумен), сақтаумен, тасымалдаумен және өткізумен байланысты фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруы бойынша шаралар қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігімен бірлесіп 2026 жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде № 7 қосымшаға сәйкес Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сатып алынған талап етілмеген тұрғын үй қорын одан әрі пайдалану бойынша шаралар қабылдасын.

7. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі:

1) 2025 жылғы 16 қазанға дейінгі мерзімде:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарасын;

- Бюджет және өзге де заңнаманы бұзушылықтарды жою, соның ішінде облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының паспортталуын қамтамасыз ету жөніндегі

іс-шаралар жоспарын әзірлесін;

2) 2026 жылғы 27 ақпанға дейінгі мерзімде:

- № 8 қосымшаға сәйкес 2 680,7 млн теңге мөлшеріндегі соманың өтелуін (қалпына келтірілуін) қамтамасыз етсін;

- ҚР Бюджет кодексіне сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің экономика және қаржы басқармалары арасында өкілеттіктердің бөлінуін қайта қарасын;

- коммуналдық меншіктегі жылжымайтын мүлік объектілеріне құқықтарды мемлекеттік тіркеудің бар-жоғы тұрғысынан түгендеу жүргізісін;

- салауатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы іс-шаралардың тиімділігін дәл көрсету мақсатында 007 «Салауатты өмір салтын насихаттау» бюджеттік бағдарламасының түпкілікті көрсеткіштерін қайта қарасын;

- Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің экономика басқармасы туралы ережеге Мемлекеттік органдардың меморандумдарын әзірлеу бойынша функцияларды алып тастау бөлігінде өзгерістер енгізісін;

3) 2026 жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде:

- Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 531 қаулысымен бекітілген «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережеге оның нақты атқаратын функцияларын өзекті ету бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізісін;

- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы индикаторларының Солтүстік Қазақстан облысының даму бағдарламасына декомпозициялануын қамтамасыз етсін;

- № 9 қосымшаға сәйкес салынған еумен жабдықтау объектілерінің пайдаланушы ұйымдарға берілуін қамтамасыз етсін;

- мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, №10 қосымшаға сәйкес «Солтүстік» ӘКК» АҚ балансындағы бейінді емес активтерге билік ету мәселелерін шешу бойынша шараларды заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдасын.

8. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл, Сергеевка қалалары мен Айыртау, Уәлиханов, Ақжар, Тайынша аудандарының әкімдері 2025 жылғы 16 қазанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарасын.

9. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы 2026 жылғы 30 қаңтарға дейінгі мерзімде ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттарда өнім берушінің іс-шараларды орындаудың күнтізбелік жоспарын, талдамалық есептілікті, әрбір ақы төленетін кезеңдегі көрсетілген қызметтердің түрлері мен көлемі туралы растайтын құжаттарды ұсыну туралы міндеттемелерін көздесін.

10. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ 2026 жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде:

- бекітілген Аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбелерін автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы бойынша деректерді

олардың нақты мәндеріне келтіру бөлігінде өзекті етсін;

- «Облыстық маңызы бар КТ-40 «Кривошеково - Афанасьевка - Садовка – аудан шекарасы» автомобиль жолының 0-12,7 км орташа жөндеу» объектісінің аяқталмауына байланысты 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 6 шарт бойынша техникалық қадағалау қызметтері үшін «Гранд Тауэр Сервис» ЖШС-дан толық көлемде төленген соманы өтеу (қалпына келтіру) бойынша шаралар қабылдасын.

- Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 947 бұйрығымен бекітілген Автомобиль жолдарының жол инфрақұрылымы қауіпсіздігінің мониторингі қағидаларына сәйкес автомобиль жолдарының жол инфрақұрылымы қауіпсіздігінің мониторингін жүргізісін;

- жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын әзірлесін және бекітсін.

11. «Солтүстік Қазақстан облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» КММ 2026 жылғы 23 қаңтарға дейінгі мерзімде Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға және Возвышенка ауылдарында дәрігерлік амбулаториялар салу объектілерінің пайдалануға берілуін қамтамасыз етсін.

12. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ 2026 жылғы 23 қаңтарға дейінгі мерзімде:

- № 11 қосымшаға сәйкес сумен жабдықтауды қамтамасыз етудің іске асырылған жобалары бойынша мердігердің ақауларды кейіннен жоюымен ақау актісінің жасалуын қамтамасыз етсін;

- «СҚО Айыртау ауданының аудандық маңызы бар КТАІ-65 «Саумалкөл-Сырымбет-Қарақамыс-Светлое» автожолының 0-71 км орташа жөндеу» жобасы бойынша техникалық қадағалау қызметтерін мемлекеттік сатып алу туралы 30.03.2022 жылғы № 29 шарт сомасының 79,9 млн теңгеден 55,4 млн теңгеге дейін азайтылуын қамтамасыз етсін;

- № 12 қосымшаға сәйкес 61,3 млн теңге мөлшеріндегі соманың өтелуін (қалпына келтірілуін) қамтамасыз етсін.

13. «Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ 2026 жылғы 23 қаңтарға дейінгі мерзімде:

- №13 қосымшаға сәйкес сумен жабдықтауды қамтамасыз етудің іске асырылған жобалары бойынша мердігердің ақауларды кейіннен жоюымен ақау актісінің жасалуын қамтамасыз етсін;

- №14 қосымшаға сәйкес 14,9 млн теңге мөлшеріндегі соманың өтелуін (қалпына келтірілуін) қамтамасыз етсін.

14. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ 2026 жылғы 23 қаңтарға дейінгі мерзімде № 15 қосымшаға сәйкес сумен жабдықтауды қамтамасыз етудің іске асырылған жобалары бойынша мердігердің ақауларды кейіннен жоюымен

ақау актісінің жасалуын қамтамасыз етсін.

15. «Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ 2026 жылғы 23 қаңтарға дейінгі мерзімде 07.06.2022 жылғы № 220047 мемлекеттік сатып алу шарты бойынша бухгалтерлік есепте сомасы 102,5 млн теңге дебиторлық берешектің көрсетілуін қамтамасыз етсін.

16. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ:

1) **2025 жылғы 15 желтоқсанға дейінгі мерзімде 20.05.2025 жылы жасалған № 76 шарт шеңберінде іске асырылып жатқан Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының «Аудандық маңызы бар КТТА-317 «Ясная Поляна – Тихоокеан – Шұңқыркөл – «Көкшетау-Омбы» автожолының 22 км су өткізу құбырларын орташа жөндеу» жобасы бойынша техникалық құжаттамаға заңнамада белгіленген тәртіппен ведомстволық сараптама жүргізу бойынша шаралар қабылдасын.**

1) **2026 жылғы 23 қаңтарға дейінгі мерзімде № 16 қосымшаға сәйкес 330,5 млн теңге мөлшеріндегі соманың өтелуін (қалпына келтірілуін) қамтамасыз етсін;**

17. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ-ның «Тайынша көпбейінді ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ КМК 2026 жылғы 23 қаңтарға дейінгі мерзімде:

- 2023 жылғы 9 маусымдағы № 348 шарт бойынша объектіге қызмет көрсетудің кепілдік мерзімі шеңберінде стационар ғимаратындағы перзентхана бөлімшесінің екінші қабатында мердігер «КазЕвроСтрой» ЖШС-ның ақауларды кейіннен жоюымен ақау актісінің жасалуын қамтамасыз етсін;

- мердігер «КазЕвроСтрой» ЖШС-ның 11,3 млн теңге мөлшерінде орындалмаған жұмыстар көлемінің сомасын өтеуін (қалпына келтіруін) қамтамасыз етсін.

18. «Солтүстік» ӘКК» АҚ:

1) **2025 жылғы 16 қазанға дейінгі мерзімде заңнама және ішкі нормативтік құжаттар талаптарының сақталуын қамтамасыз етпеген жұмыскерлердің жауаптылығын қарасын;**

2) 2026 жылғы 31 наурызға дейінгі мерзімде:

- «Солтүстік» ӘКК» АҚ-ның даму стратегиясын әзірлесін және бекітсін.

- Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 25 ақпандағы № 46 қаулысымен бекітілген Жарғыны қызметтің жол берілетін бағыттарының толық тізбесін көрсету бөлігінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысына сәйкес келтіру бойынша шаралар қабылдасын.

19. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мынадай:

- жобаға түзету жасау жолымен сомасы 822,5 млн теңгеге *«Промышленная көшесі, ЖЭО-2 (№3 қосалқы аймақ) ауданында арнайы экономикалық аймақ үшін сыртқы инженерлік желілер салу»* жобасы құнының қымбаттауы;

- *«Петропавл қаласында үстел теннисі орталығын салу»* жобасы бойынша сомасы

865,0 млн теңгеге және «*Нижний Бурлук ауылында су құбырын салу*» жобасы бойынша сомасы 160,8 млн теңгеге сметаға сол бір жұмысты қайта қосу, прайс-парақтарға сәйкес жабдықтар мен спорттық мүкәммал құнының асырып көрсетілуі фактілері бойынша материалдардың процестік шешім қабылдау үшін құқық қорғау органдарына белгіленген тәртіппен берілуін қамтамасыз етсін.

Высшая аудиторская палата Республики Казахстан - Фещина А. Ю.